

Қарашоқат орта мектебі
биология пәнінің мұғалімі
Мұханова Гауһар Сабитқызы



*Терінің құрылысы мен
қызметі*




Сабақтың мақсаты:




■ *Білімділік:*

*Адамның тіршілік әрекетіндегі терінің
атқаратын қызметінің ерекшеліктерімен
таныстыру*




Дамытушылық:



Терінің құрылысын, қызметі мен маңызын түсіндіре отырып, ой өрістерін ғылыми тұрғыда дамыту, ізденімпаздыққа, еңбекқорлыққа, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдысын дамыту




Тәрбиелігі:



*Алған білімдерін өмірде пайдалануға
үйрету, адамгершілікке, сұлулыққа,
әсемдікке тәрбиелеу*



- 
- ***Сабақтың типі:*** Аралас сабақ
 - ***Сабақтың түрі:*** Жаңа сабақ
 - ***Оқыту әдісі:*** Әңгіме, кестемен жұмыс, тестік жұмыс
 - ***Көрнекілігі:*** Кесте, сызбалар, слайдтар, плакат






сабақтың барысы:




- *Ұйымдастыру кезеңі. (2 мин.)*
- *Сабақтың мақсатын түсіндіру*
- *Оқушылардың ойларын жинақтау*
- *Үй тапсырмасын сұрау.*



1. Бүйректің құрылысы



2. Нефронның құрылысы



4.

Топтастыру


**БҮЙРЕКТИҢ
ҚЫЗМЕТІ**





5. Кестені ТОЛТЫРЫҢЫЗ

**Бүрек
аурулары**



Empty rectangular box for notes.

Empty rectangular box for notes.

Empty rectangular box for notes.

Empty rectangular box for notes.

Empty rectangular box for notes.

5. Дұрыс жауаптары

Бүйрек
аурулары

Уремия

Қанда зәрдің шектен тыс көбеюі

Нефрит

Бактериялардың әсерінен бүйректің қабынуы

Уролитиаз


Зәрдің құрамында қатты заттардың (тас) көбеюі

Цистит

Қуықтың қабынуы

Энурез

Түнде зәр тоқтамау





САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

Терінің маңызы мен құрылысы





КӨРУ



ЕСТУ



ИІС СЕЗІМІ



ДӘМ СЕЗІМІ



ТҮЙСІК СЕЗІМІ



- **Тері** – адам денесінің сыртқы жабыны. Ол микробтарды, еріген улы және зиянды заттарды өткізбей қорғаныштық қызмет атқарады.
- **Тері** - адамның барлық дене мүшелері мен жүйелерінің жағдайын көрсететін айнасы. Ішкі мүшелердің ауырулары, зат алмасудың бұзылуы терідегі болатын өзгерістермен байқалады.



Терінің құрылысы

Тері қабаты:

Сыртқы -эпидермис

Ортаңғы – нағыз тері
(дерма)

Ішкі – теріасты шелі
(гиподерма)






Эпидермис қабаты


мүйізді

өсуші

Терінің құрылысы:



Терінің түрлері:




- **Орташа тері** - таза, икемді, үйлесімді майлы, ұлғайған түтіктерсіз, қара дақтарсыз болады, қабықтанбайды.
- **Құрғақ тері** - тез жараланғыш, көбінесе қабықтанғыш, тез желденгіш және тітіркенгіш болады.
- **Майлы тері** - жылтырап тұрады, тері түтіктерінде қара дақтары – безеулер болады. Майлы тері тез зақымданады, онда іріңді жаралар пайда болуы мүмкін. Жасөспірімдер үшін безеулерден арылудың бірден-бір жолы – дұрыс үйлесімді тамақтану.

- Тері ауруларын емдейтін дәрігерді – *дерматолог* деп атайды.
- Күннің ультракүлгін сәулелерінің әсерінен *меланин* пигменті бөлініп, тері түсі қараяды.



Тері және шаш электронды микроскоп арқылы






Меланин санының
көп болуынан
шаш қара түсті
болады



Шаштың құрамында каротиноид
заты болса, шашты жирен түске
бояйды

Түсі ашық шаштарда
меланин аз болады





Таңғажайып фактілер

- Әдетте бастағы шаш аптасына 3,5 мм-ге ұзарады.
- Орта есеппен алғанда, адамның басында 100 000-нан 120 000-ға дейін шаш болады.
- Бүкіл денеде саны 20 миллионға дейін жететін өзге де түктер болады.
- Әрбір кірпік бір-екі ай ғана өмір сүреді де, түсіп қалады, сонан кейін ол фолликулдан жаңа кірпік өсіп шығады.
- Әдетте тырнақ аптасына 2,5 мм-ге өседі.
- Көбірек қимылдайтын қолдың тырнақтары жылдамырақ өседі. Егер сіз солақай болсаңыз, сол қолыңыздың тырнақтары оң қолдікіне қарағанда тез өседі.
- Тырнақтар қыс мезгіліне қарағанда, жазда тез өседі.
- Қолдың тырнақтары аяқтың тырнақтарынан жылдам өседі.

Терінің қызметі:

- *ол өзін-өзі зиянды заттардан сақтай алады: ондағы бар ерекше зат әр түрлі ауру туғызатын микробтарды өлтіреді;*
- *нерв ұштары ауруды, суықты, жылуды қабылдайды;*
- *терінің арқасында организм бірқалыпты температурасын ұстап тұра алады;*
- *ыстық мезгілде, жылы жерде тері тамырлары ұлғаяды – жылу шығарады;*
- *суық бөлмеде керісінше тамырлар тарылады да, жылуды ұстап тұрады;*
- *ыстықта тердің денеден бөлінуі денені салқындататын әсер береді;*
- *организмнің беретін жылуының 80% теріден шығады;*
- *май бездері арқылы шығатын тері майы теріні икемді етеді.*



IV. Жаңа сабақты тест арқылы бекіту

1. Тері қандай қызмет атақарады?
а) Көру ә) Сезу б) Есту
2. Тері пигменті.
а) Лизоцин ә) Меланин б) Хлоратин
3. Тері қабаты нешеу?
а) 1 ә) 3 б) 2
4. Дерма қандай ұлпадан тұрады?
а) Эпителий ә) Дәнекер б) Жүйке
5. Тері ауруының дәрігері.
а) Уролог ә) Дерматолог б) Терапевт
6. Тері қандай мүше?
а) Дәм сезу ә) Сипап сезу б) Көру
7. Терінің мүйізді түзілісі.
а) Шаш ә) Тырнақ б) Тері
8. Нағыз тері қабаты
а) Эпидермис ә) Дерма б) Май бездері
9. Тернің сыртқы қабатын белгіле?
а) Теріасты шел ә) Эпидермис б) Дерма
10. Тері қандай қызымет атқарады?
а) Зәр шығару ә) Қорғаныштық б) Ас қорыту.

Тест кілті:

1-ә

6-ә

2-ә

7-ә

3-ә


8-ә

4-ә


9-ә

5-ә

10-ә.



Тері қабаты:



Терінің құрылысы


Тері қабаты:

Сыртқы -эпидермис

Ортаңғы – нағыз тері
(дерма)

Ішкі – теріасты шелі
(гиподерма)





=





Эпидермис қабаты







мүйізді




өсуші

—

Тері түрлері



Тері түрлері



Биологиялық диктант



1. Тері ауруларын емдейтін дәрігерді — деп атайды.
2. Күннің ультракүлгін сәулелерінің әсерінен пигменті бөлініп, тері түсі қараяды.
3. - таза, икемді, үйлесімді майлы, ұлғайған түтіктерсіз, қара дақтарсыз болады, қабықтанбайды.
4. - тез жараланғыш, көбінесе қабықтанғыш, тез желденгіш және тітіркенгіш болады.
5. - жылтырап тұрады, тері түтіктерінде қара дақтары — безеулер болады. Майлы тері тез зақымданады, онда іріңді жаралар пайда болуы мүмкін. Жасөспірімдер үшін безеулерден арылудың бірден-бір жолы — дұрыс үйлесімді тамақтану.





Үйге тапсырма:

1. § 55 Тері құрылысы мен қызметі.

2. Тері күтімі туралы қызықты мағлұматтар жинақтау

3. Жұмыс дәптермен жұмыс

4. Тері аурулары туралы қызықты мағлұматтар жинақтау

БАҒАЛАУ

